

# ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

## ХАТТАМА

31.10.2022 ж. №2

Шымкент қ.

**Іс-шара түрі:** Университеттің академиялық кеңесінің мәжілісі

**Төраға** - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор А.А. Кудышева

**Хатшы** Оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы. А.Е. Айтбаева

**Қатысқандар:** қатысу парағы бойынша

Академиялық кеңес төрағасы, А.А. Кудышева: Қайырлы күн, құрметті академиялық кеңес мүшелері, әріптестер! Бүгінгі академиялық кеңес мәжілісінің күн тәртібінде бес негізгі және әртүрлі мәселелер қаралады. Күн тәртібіндегі негізгі сұрақ үшін регламент 10-20 минут, әртүрлі мәселе бойынша 3-5 минутқа дейін деп белгіленеді. Пікір айтушылар үшін 2-3 минутқа дейін уақыт беріледі. Регламентпен келісетін болсаңыздар, құрметті әріптестер, күн тәртібін бекітуді дауысқа саламын. №2 Академиялық кеңес мәжілісінің

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. Күзгі семестрде өтетін пәндердің қорытынды бақылау түрлерін талқылау және бекіту
2. «Универ» жүйесіндегі пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің сапасын талқылау.
3. Білім беру процесінде дуальді оқыту элементтерін қолдану туралы.
4. 2022 – 2023 оқу жылының күзгі семестрінде болатын емтихан тест сұрақтарының сапасы және бітіруші курс білім алушылары үшін ҰБТ бойынша модуль бағдарламасында тест базасын жасақтау туралы
5. Жапай ашық онлайн курс жазу тәртібі туралы
6. Әр түрлі мәселелер

**1. Күзгі семестрде өтетін пәндердің қорытынды бақылау түрлерін талқылау және бекіту.**

#### **1.ТЫҢДАЛДЫ:**

**Тіркеу офисінің басшысы Мамаев Қайрат Серикбаевич:**

**2022-2023 оқу жылының бірінші жартыжылдығы емтихан сессиясының емтихан түрлері туралы мәлімет**

Факультеті	Бақылау саны	Бақылау түрі					
		жазбаша	тест	ауызша	шығармашылық	дифф. сынақ	жоба
Тарих және педагогика	785	278	381	126			
Филология факультеті	674	179	13	482			
Дене шынықтыру және спорт	452	182			26	244	
Жаратылыстану факультеті	409	207	201	1			
Физика-математика	292	158	64	56			14
Өнер және білім	123	24		20	79		

<b>Күндізгі оқу нысаны бойынша:</b>	<b>2735</b>	<b>1028</b>	<b>659</b>	<b>685</b>	<b>105</b>	<b>244</b>	<b>14</b>
<b>Кешкі оқу нысаны бойынша</b>	<b>51</b>	<b>41</b>	<b>1</b>	<b>9</b>			
<b>Барлығы:</b>	<b>2786</b>	<b>1069</b>	<b>660</b>	<b>694</b>	<b>105</b>	<b>244</b>	<b>14</b>

	<b>Жалпы саны</b>	<b>жазбаша</b>	<b>тест</b>	<b>ауызша</b>	<b>шығармашылық</b>	<b>дифф. сынақ</b>	<b>жоба</b>
<b>Күндізгі оқу нысаны</b>	<b>2735</b>	<b>1028</b>	<b>659</b>	<b>685</b>	<b>105</b>	<b>244</b>	<b>14</b>
Пайыздық үлесі (%)	100,00%	37,59%	24,10 %	25,05%	3,84%	8,92%	0,51 %
<b>Кешкі оқу нысаны</b>	<b>51</b>	<b>41</b>	<b>1</b>	<b>9</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
Пайыздық үлесі (%)	100,00%	80,39%	1,96%	17,65%	0,00%	0,00%	0,00 %
<b>Барлығы:</b>	<b>2786</b>	<b>1069</b>	<b>660</b>	<b>694</b>	<b>105</b>	<b>244</b>	<b>14</b>

Ескерту. ОҚМПУ Ғылыми кеңесінің шешімімен 6В01402-Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша 1402-12 тобының-7, 1402-22 тобының - 3, 1402-32 тобының-4, 1402-42 тобының -2, 1402-52 тобында - 1, 1402-72 тобында - 3, 1402-12 -1 тобының - 4, 1402-12-3 тобының -3, 1402-12-4 тобының -3, 1402-12-5 тобының -3, 1402-12-7 тобының -2, 1402-12-8 тобының -3, 1402-12-9 тобының -3, 1402-12-10 тобының-2, 1402-12-11 тобының -3, 1402-12-12 тобының -3, 1402-12-13 тобының -6, 1402-12-14ш тобының -29 , 1402-12-15ш тобының - 27, 1402-82 тобының - 6, 1402-11-8ш тобының-18, 1402-71 тобының -1, 1402-81 тобының -2 білім алушыларына ауызша және жазбаша тапсыруға қосымша жоспарланды; Тарих және педагогика факультеті 6В01901-Арнайы педагогика мамандығын даярлау 1901-12 тобынан - 1 білім алушы ауызша тапсыруға қосымша жоспарланды; Өнер және Білім факультеті 6В01403- Музыка мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша 1403-22 тобының -1, 1403-11 тобының -3, 1403-21 тобының -1, 1403-10 тобының - 2 білім алушыларына ауызша тапсыруға қосымша жоспарланды; 6В01404-Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша 1404-12к тобының - 1 білім алушысына ауызша тапсыруға қосымша жоспарланды; 6В02101-Дизайн білім беру бағдарламасы бойынша 2101-19 тобының - 1 білім алушысына ауызша қосымша жоспарланды.

2021-2022 оқу жылында оқу үрдісіне қатысты туындаған бірқатар мәселелер:

1. Бірқатар кафедра тарапынан семестрдің басында пән оқытушылары вакансия ретінде ұсынылуы және семестр барысында пән оқытушылары құрамдарына өзгерістердің болуы.
2. Оқу жылында жаңадан қызметке қабылданған және зейнет жасындағы оқытушы-профессорлардың Univer 2.0 жүйесінде студенттерді академиялық күнтізбедегі көрсетілген мерзімге бағаламаулары.
3. Бірқатар оқытушы-профессорлардың жеке жүктемелерінде бірінші немесе екінші жартыжылдықта оқу пәндерінің шамадан тыс артық жоспарлануына байланысты Univer жүйесіне бағаның мерзімінде қойылмауы.
4. Студенттердің Univer жүйесінде силлабустағы бағалау жүйесіне сай жүйелі түрде бағаланбаулары.
5. Бірінші курс студенттеріне факультет деканаттары тарапынан ағымдық бақылауларды, аралық аттестаттауларды тапсыру бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу деңгейінің төмендігі.
6. Семестр барысында сабаққа себепсіз қатыспаған студенттердің пән оқытушылары және деканат тарапынан мерзімінде қадағаланбауы.
7. Студенттердің бітіруші курсқа дейін курстан-курсқа пән қарыздарымен көшірілуі.

8. Емтихан нәтижесі бойынша студенттер тарапынан апелляциялық өтініштердің мерзімінде берілмеуі және апелляциялық комиссиялардың белсенді жұмыс істемеуі.

9. Тестілеу емтихандарында «FX» бағасын алған студенттер санының артуына байланысты емтихандарды қайта тапсыруларды ұйымдастыруда қиындықтардың туындауы.

**Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының директоры А. Н. Жылысбаева:** Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің Ғылыми кеңесінің 31.08.2022ж. №1 хаттамасымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының 2022-2023 оқу жылына арналған Академиялық күнтізбеге сәйкес, магистранттар мен докторанттардың күзгі оқу семестрі 05.09.2022ж – 22.01.2023ж аралығында ұйымдастырылуда. Күзгі емтихан сессиясы 19.12.2022ж мен 08.01.2023 аралығында ұйымдастырылады. Аталған емтихан сессиясында 1-ші курс магистранттарында алғаш рет Ғылым тарихы мен философиясы мен Жоғары мектептік педагогикасы пәнін тест түрінде тапсырады. Қорытынды бақылау түрлері келесідей формада өтіледі 5 пән жоба қорғау, 3 пән шығармашылық, 1 пән мақала жазу және қорғау, 36 пән ауызша, 99 пән жазбаша бақылау түрлерінде ұйымдастырылады.

**1.ШЕШІМ:** Күзгі семестрде өтетін пәндердің қорытынды бақылау түрлері бекітілсін

**2. 2. «Универ» жүйесіндегі пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің сапасын талқылау**

**2.ТЫҢДАЛДЫ:**

**Оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы Айтбаева Айгуль Ергеновна:** Кафедра меңгерушілері кафедрада оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешенінің сапасын және «Univer» жүйесіне контенттердің толық жүктелуін қадағалау қажет.

2. Пәннің оқу жұмыс бағдарламасында берілген (Силлабус) «Тапсырмалар және оларды тапсыру мерзімі мен тиісті балы» «Univer» жүйесіндегі электронды журналға уақытылы қойылып отыру керек.

3. Пән айырмашылықтары, өзгерістер болған жағдайда оқытушылар «Univer» жүйесіндегі пән кешендерін толықтырулары қажет.

**2022-2023 оқу жылының күзгі семестрінде оқытушылардың «Univer» жүйесіне пән кешендерін жүктеуі жайлы мәлімет**

р/с.	Кафедра атауы	Оқытушы саны		Кафедрада оқытылатын пәндер саны	
		Жалпы	Пән кешен жүктемеген	Күзгі семестрдегі	Жүктелмеген пәндер
1	Математика	22	7	20	5
2	Физика	15	3	15	7
3	Информатика	29	-	35	-
4	Химия	19	-	38	-
5	Биология	30	-	35	-
6	География	19	-	36	-
7	Бастауышта оқыту әдістемесі	23	-	12	-

8	Мектепке дейінгі тәрбие және арнайы педагогика	28	2	36	3
9	Педагогика	15	-	16	-
10	Психология	16	-	17	-
11	Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер	23	1	6	1
12	Әлем тарихы және дінтану	13	4	23	6
13	Қазақ тілі және әдебиеті	32	-	32	-
14	Орыс тілі және әдебиеті	27	3	28	5
15	Ағылшын тілі	32	-	29	-
16	Шетел тілдері	16	-	1	-
17	Музыкалық білім	24	-	27	-
18	Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері	19	3	44	7
19	Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі	24	-	21	-
20	Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру	14	-	18	-
	Барлығы	440	23	489	34

**2.ШЕШІМ:** «Универ» жүйесіндегі пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің сапасын қадағалау кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

**3. Білім беру процесінде дуальді оқыту элементтерін қолдану туралы).**

**3.ТҮЙНДАЛДЫ:**

**Кәсіптік практика бөлімінің басшысы м.а. Қоразбекова Карлығаш Усипханқызы:**

Дуальды оқыту бойынша 15 кафедра 21 білім беру бағдарламалары бойынша кафедра филиалдарымен - 11 мектеп, 2 орталықпен ынтымақтастық келісім шарттар түзілді.

Күзгі семестр: 12 пән, 10 ББ, 8 кафедра

Көктемгі семестр: 9 пән, 8 ББ, 7 кафедра

Тартылмаған кафедралар: География, Психология, Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер, Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі

Дуальды оқыту бойынша ынтымақтастық келісім шарттар түзілген мекемелер:

№80 ІТ мектеп-лицей

Химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі

№7 Қ.Спатаев атындағы ІТ мектеп лицейі

«Өркен» тіл дамыту орталығы.

Оңалту орталығы

№19 Ө.Жәнібеков атындағы мектебі

№23 З.Космодемьянская атындағы мектеп лицей

№65 Б.Алтынсарин атындағы мектеп-гимназия

№62 Н.Төрекулов атындағы мектебі

№2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп интернаты

№1 А.С.Пушкин атындағы мектеп-гимназиясы

№38 Н.Оңдасынов атындағы мектеп-гимназиясы

№75 мектеп-гимназиясы

**2022-2023 оқу жылы бойынша дуалды оқыту туралы ақпарат**

№	Кафедра атауы	ББ атауы	Пән атауы	Пән оқытушысы	Курс	Мекеме атауы	Орындалуы туралы есеп		
							Келісім шарт	Силлабус	График
<b>Күзгі семестр</b>									
1	Математика	6B01501-Математика мұғалімін даярлау 6B01508-Математика-физика мұғалімін даярлау	Математиканы оқыту әдістемесі	Бакирова Н.К.	4	№80 ІТ мектеп-лицей	+	+	+
2	Физика	6B01502-Физика мұғалімін даярлау	Физиканы оқыту әдістемесі	Аширова С.Б.	3	Химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі	+	-	+
3	Биология	6B01505-Биология мұғалімін даярлау	Биология оқыту әдістемесі	Аримкулова Г.	3	№7 Қ.Спатаев атындағы ІТ мектеп лицейі	+	+	-
4	Мектепке дейінгі тәрбие және арнайы педагогика	6B01901-Арнайы педагогика (логопед)	Олигофренопедагогика	Амирханова Г.Н	4	«Өркен» тіл дамыту орталығы	+	+	+
		6B01901-Арнайы педагогика (логопед)	ПДТ балалармен жұмыс жүргізудің психологиялық-педагогикалық технологиялары	Амирханова Г.Н	4	«Өркен» тіл дамыту орталығы	+	+	+
		6B01901-Арнайы педагогика (логопед)	Жеке тұлғалармен элеуметтік оңалту бойынша түзету жұмыстары	Масалиева Ж.А	4	Оңалту орталығы	+	+	-
5	Әлем тарихы және дінтану	6B01602-Тарих-дінтану мұғалімін даярлау 6B01601-Тарих мұғалімін даярлау	Инновациялық технологиялар және мектепте оқыту процесін ұйымдастыру және	Тастанова Р.С.	3	Ө.Жәнібеков атындағы №19 ЖОМ	+	+	+
		6B01602-Тарих-дінтану мұғалімін даярлау	Мектепте оқыту мен бағалаудың жаңа тәсілдері	Тастанова Р.С.	3		+	+	+
6	Орыс тілі және әдебиеті	6B01702-Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау	Бағалаудың өлшемдік технологиялары	Мусиралиева А.А.	3	№23 З.Космодемьянская атындағы мектеп-лицей	+	+	+
7	Музыкалық білім	6B01403-Музыка мұғалімін даярлау	Музыканы оқыту әдістемесі	Байғонова А.С	3	№65 Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-гимназия	+	-	-
			Музыканы оқытудың дербес әдістемесі	Байғонова А.С	3		+		+
			Мектептегі оқыту мен бағалаудың жаңа тәсілдері	Балабескова А.А	3		+		+
8	Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру	6B01401-Бастапқы әскери дайындық мұғалімін даярлау	Ғылыми зерттеу әдістеріжәне академиялық хат	Қадырбаев Ж.А.	3	№62 Н.Төрекулов атындағы ЖОМ	+	+	+

Көктемгі семестр									
9	Информатика	6B01503-Информатика мұғалімін даярлау	Робототехниканы мектепте оқыту әдістемесі			№2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп интернат	+	-	-
			Білім беру робототехникасы				+		
10	Химия	6B01504-Химия мұғалімін даярлау 6B01507-Химия-биология мұғалімін даярлау	Мектепте химияны оқыту мен бағалаудың жаңа тәсілдері			№1 А.С.Пушкин атындағы мектеп-гимназия	+		
11	Бастауышта оқыту әдістемесі	6B01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау	Қазақ тілін оқыту әдістемесі	Умиралиева А.У	2	№23 З.Космодемьянская атындағы мектеп лицей	+	+	+
12	Қазақ тілі және әдебиеті	6B01701-Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау	Инновациялық технологиялар және мектепте оқыту процесін ұйымдастыру	Жамурова Г.К.		№1 А.С.Пушкин атындағы мектеп-гимназия	+	+	+
13	Ағылшын тілі	6B01703-Шет тілі: екі шетел тілі мұғалімін даярлау	Ғылыми зерттеу және академиялық хат	Абдуалиев Т.М		№38 Н.Оңдасынов атындағы мектеп-гимназия	+	+	+
14	Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері	6B01404-Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау	Көркем еңбек	Мадиева Д.П.	2	№75 мектеп-гимназия	+	-	-
			Салалық материалтану	Мадиева Д.П.	2		+	-	-
15	Педагогика	6B01901	Әлеуметтік педагогика	Таңатарқызы Г.		№1 А.С.Пушкин атындағы мектеп-гимназия	-	-	+

### 3.ШЕШІМ:

1. Дуальды оқыту бойынша жұмыстар жандандырылсын!.

**4. 2022 – 2023 оқу жылының күзгі семестрінде болатын емтихан тест сұрақтарының сапасы және бітіруші курс білім алушылары үшін ҰБТ бойынша модуль бағдарламасында тест базасын жасақтау туралы**

#### ТЫҢДАЛДЫ:

**Тест орталығының басшысы м.а.-Мамраймов Серікбай Дәулатұлы:** 2022 – 2023 оқу жылының күзгі семестрінде болатын емтихан тест сұрақтарындағы негізгі кемшіліктер: Тест сұрақтары қайталанған, грамматикалық қателер көп, екі, үш нұсқалы тесттер дұрыс құрастырылмаған.

Кафедрада дайындалған тестердің сапасы қайта қаралу керек (жауапты: пән оқытушылары, кафедра меңгерушілері).

ББ дайындайтын кафедралар Модульдегі бітірушілерге арналған ҰБТ пәндерінің базасын жаңартып «Педагогика, оқыту әдістемесі» пәні сұрақтарын алып тастап қайта енгізу керек.

#### ҰБТ сұрақтары бойынша модуль бағдарламасында тест базасын жасақтау туралы мәлімет

№	БББ	2021-2022		2022-2023		Жалпы саны	
		жай	күрделі	жай	күрделі	жай	күрделі
1	6B01501-Математика мұғалімін даярлау	270	54	4	0	270	54

2	6B01502-Физика мұғалімін даярлау	136	41	0	0	136	41
3	6B01503-Информатика мұғалімін даярлау	201	54	99	146	300	200
4	6B01508-Математика-Физика мұғалімін даярлау	270	54	0	0	270	54
5	6B01509-Математика-Информатика мұғалімін даярлау	201	54	200	52	300	200
6	6B01510-Физика-Информатика мұғалімін даярлау	136	41	0	0	136	41
7	6B01504-Химия мұғалімін даярлау	333	33	300	81	633	53
8	6B01505-Биология мұғалімін даярлау	300	85	104	55	404	140
9	6B01506-География мұғалімін даярлау	319	90	1	53	320	143
10	6B01507-Химия-Биология мұғалімін даярлау	333	33	300	20	633	53
11	6B01511-География -Тарих мұғалімін даярлау	319	90	72	48	320	143
12	6B01201-Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	259	0	161	339	420	339
13	6B01301-Бастауыш сынып мұғалімін даярлау	655	310	221	194	876	504
14	6B01101-Педагогика және психология	248	84	200	218	448	302
15	6B01901-Арнайы педагогика маманын даярлау (логопед)	131	30	446	206	577	236
16	6B01601-Тарих мұғалімін даярлау	300	135	2	249	300	135
17	6B01801-Әлеуметтік педагогика маманын даярлау	270	398	97	35	367	433
18	6B01602-Тарих-Дінтану мұғалімін даярлау	300	135	2	249	300	135
19	6B01701-Қазақ тілі және әдебиеті мұғалімін даярлау	434	130	123	18	557	148
20	6B01702-Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау	550	320	297	0	847	320
21	6B01703-Шет тілі: екі шетел тілі мұғалімін даярлау	550	52	463	55	1013	107
22	6B01704-Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау	434	130	123	18	557	148
23	6B01705-Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау	550	320	297	0	847	320
24	6B01401-Бастапқы әскери дайындық мұғалімін даярлау	101	81	80	158	181	239
25	6B01402-Денешынықтыру және спорт мұғалімін даярлау	300	101	159	19	459	120
26	6B01403-Музыка мұғалімін даярлау	270	40	88	160	358	200
27	6B01404-Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау	400	64	88	47	488	111

### ШЕШІМ:

Кафедрада дайындалған тесттердің сапасы қайта қаралсын (жауапты: пән оқытушылары, кафедра меңгерушілері).

Ф 4.03-05 Хаттама

ББ дайындайтын кафедралар Модульдегі бітірушілерге арналған ҰБТ пәндерінің базасын жаңартып «Педагогика, оқыту әдістемесі» пәні сұрақтарын алып тастап қайта енгізілсін (жауапты: пән оқытушылары, кафедра меңгерушілері).

## **5. Жаппай ашық онлайн курс жазу тәртібі туралы**

### **ТЫҢДАЛДЫ:**

**Академиялық істер департаментінің директоры Бердалиев Даулетбай Турдалиевич: Қашықтан оқыту** – педагог пен білім алушылардың қашықтықтағы өзара әрекеттесуі кезінде, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту.

**Онлайн-оқыту** – білім алушы кеңістік және уақыт арақашықтығына қарамастан, педагог пен білім алушы арасында өзара іс-қимыл жасауға арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және Интернет арқылы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімді алатын кадрлар даярлаудың нақты бағыттары бойынша оқыту нысаны (формасы).

**Жаппай ашық онлайн-курс** – электронды оқыту технологиялары қолданылатын, жаппай интерактивті қатысуға және Интернет арқылы ашық қол жеткізуге болатын оқыту курсы

**Онлайн-курс** – нақты уақыт режимінде, оның ішінде университетте алдын ала жазылған бейне дәрістерді пайдалана отырып, Интернет арқылы білім, дағдылар мен құзыреттіліктерді алуға мүмкіндік беретін, университет бекітетін оқу бағдарламасы.

ЖАОК форматында ашық онлайн курсты әзірлеу кезеңдері:

1. ЖАОК бағдарламасын әзірлеу.
2. Жарнамалық бейнероликтің сценарийін әзірлеу (жарнамалық бейнеролик).
3. Онлайн-курстың педагогикалық сценарийін жасау.
4. ЖАОК құру үшін мәтіндік, графикалық және басқа оқу-әдістемелік материалдарды дайындау

5. Жарнамалық бейнероликті түсіру.

6. Бейне дәрістерді жазу.

7. Видеомонтаждаушы көмегімен бейне түсірілімдерді қарау және өңдеу.

8. Барлық ЖАОК материалдарын онлайн платформа маманына беру

### **ЖАОК бағдарламасы**

ЖАОК бағдарламасы курс туралы ақпаратты қамту керек:

- ашық онлайн курстың атауы;
- курсқа бөлінген кредит саны;
- курстың сипаттамасы;
- оқытушы(лар) туралы ақпарат;
- курс бойынша оқу нәтижелері;
- көзделген аудитория;
- тыңдаушылардың қажетті даярлық деңгейі

### **Жарнамалық бейнероликтің сценарийі (жарнамалық бейнеролик).**


Жарнамалық бейне 3 минутқа дейін болуы керек.

Жарнамалық бейнеде болуы мүмкін:

- 1) курстың ең қызықты және әсем сәттерінен материалдарды көрсету;
- 2) бүкіл курсты өту нәтижелері бойынша алынған дағдылардың тізбесі;
- 3) курс авторларының мәтіні (қысқа, ықшам, түсінікті).

### **Онлайн курстың құрылымы**






### Модульдің үлгі құрылымы

Модуль-курстың құрылымдық бірлігі

саны – 3-тен 10-ға дейін

ұзақтығы - 1 апта (әдетте)

соңғы модуль – қорытынды (қорытынды бақылау іс-шаралары)



### Модульдің құрамы (жоба)

№	Сабақтың түрі	Ескерту
1	Лекция	Бейнелекция (3-10 минут)
2	Өзіндік жұмыс	Өзіндік жұмыс тапсырмалары- модуль бойынша оқытушы ұсынған қосымша әдебиеттер оқу
3	Үй тапсырмасы	Жазбаша үй тапсырмасы (эссе, тапсырмалар орындау және т.б.). Жазбаша үй тапсырмаларын әрбір екінші модульде беру ұсынылады. Үй тапсырмаларын бағалау критерилері ақпараттық бөлімде ұсынылу керек. Үй тапсырмасында тест орындалуы мүмкін.
4	Оқыған модуль бойынша тест тапсыру	Тест сұрақтары лекция және қосымша әдебиет материалдарын қамтиды
5	Интерактивті қарым-қатынас	Курстың сұрақтары бойынша оқытушымен интерактивті режимде қарыс-қатынас жасау. Топта талдау. Оқытушы топта талдау үшін тақырып қалыптастырады. Қарыс-қатынас бейнеконференция режимінде іске асырылуы мүмкін.

### 5.ШЕШІМ:

1. Әр кафедрада онлайн-курс дайындау үшін сапалы видеолекциялар түсірілсін.

### 6. Әр түрлі мәселелер.

6.1. 2022-2023 оқу жылының күзгі жартыжылдығына арналған профессор-оқытушылардың ОСӨЖ өткізу кестесін бекіту

**ТЫНДАЛДЫ: Д.Т. Бердалиев:** Университетіміздің 20 кафедрасы оқытудың барлық түрі бойынша 2022-2023 оқу жылының күзгі жарты жылдығына арналған оқытушы профессорлардың ОСӨЖ өткізу кестесін бекітуге ұсынып отыр. ОСӨЖ өткізу кестесі кафедраның оқытушы-профессорлар құрамы жеке жүктемесі бойынша жүргізілетін пәндеріне және пәндердің кредит санына байланысты түзілді.

**ШЕШІМ: 2022-2023 оқу жылының күзгі жартыжылдығына арналған профессор-оқытушылардың ОСӨЖ өткізу кестесі бекітілсін.**

### **6.2 Биология кафедрасының оқытушысы А.З. Маметованың аға оқытушы қызметіне өту туралы**

**ТЫНДАЛДЫ: А.Е. Айтбаева:** Биология кафедрасының оқытушысы А.З. Маметова аға оқытушы қызметіне өту туралы өз өтінішін білдірді.

А.З. Маметованың құжаттары сарапталып, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің аға оқытушы қызметіне өткізу ережесіне сәйкестігі тексерілді.

Педагогикалық өтілі 5 жыл 3 ай, оның 1 жыл 3 айы ОҚМПУ қабырғасында. Біліктілікті арттыру курстарын 2021 жылдың наурыз айында Ұлттық зерттеушілік Томск мемлекеттік университетінің (Ресей) Биология институтында онлайн форматта және 2021 жылдың желтоқсан айында Қазақ Ұлттық университетінде өткен.

Оқытушы А.З. Маметова – педагогикалық тәжірибесі мол, өз ісіне жетік маман. Ғылыми бағыты бойынша PhD докторантураны бітірген және докторлық диссертациясын қорғауға дайындық жүргізуде. Шетелдік және отандық халықаралық ғылыми конференцияларда 13 мақала, 3 ҚР Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 3 мақала жарияланған, ал скопус базасына 1 мақала баспаға ұсынылған. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін оқу процесіне ендіру туралы 3 АКТ-сі бар. 2021-2022 оқу жылында студенттермен ғылыми конференция жүргізді.

2017 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Биотехнология кафедрасында «Кең көлемдегі биологиялық препараттар» атты лабораториялық сабақтарға арналған оқу әдістемелік құралы жарық көрген және 2021 жылы Микробиология пәнінен 1 лекциялар жинағы мен 1 лабораториялық жұмыстарға Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік алған.

Оқытушы А.З. Маметова жалпы жұмыс тәжірибесінде ешқандай ескерту және сөгіс алмаған.

### **ШЕШІМ:**

Мәлімет есепке алынсын. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің аға оқытушы қызметіне өту ережесіне құжаттары сәйкес А.З. Маметованың аға оқытушыға өту өтініші Ғылыми Кеңеске ұсынылсын.

### **6.3 Университет оқытушы-профессорларының баспаға ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдары**

#### **ТЫНДАЛДЫ:**

**Төраға:** Оқытушы-профессорлардың оқу құралдарын баспаға ұсыну туралы ұсыныс келіп түсті.

**СӨЗ АЛДЫ: Айтбаева А.Е.:** Университет оқытушы-профессорларының баспаға ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдарының құжаттары талапқа сай дайындалған. Барлық оқу-әдістемелік құралдарға факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінен, кафедраның мәжілісінен көшірмелер дайындалған. Сыртқы, ішкі пікірлері бар. Университет оқытушы-профессорларының баспадан шығаруға ұсынылған оқу, оқу-әдістемелік құралдарының тізімі:

1. Молдабек Қ., Төлтебаев Н.Ә., Бектаев Ә.Қ., Кенжебекова Р.И., Әбдуразах М.Н., Таутаева Г.Б. **Алфавиттік сөздік**. 1139 бет. Сөздік латын әліпбиімен жазылған алғашқы еңбек. Сөздікті тіл білімін зерттеушілер, әдіскер – педагог ғалымдар, жоғары оқу орындарының барлық ББ студенттер, магистранттар, докторанттар, оқытушылар, мектеп мұғалімдері, ЖОО-ның оқытушы-профессорлар қауымы, сонымен қатар пәнді оқыту әдістемелерімен айналысатын ғалымдар және қалың көпшілік оқырман қауым пайдалана алады. Пікір жазғандар: Омар Е.- Академик А.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы; Дайырбеков С.С.- Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеттің профессоры, педагогикалық ғылымдарының кандидаты; Қалыбеков Б.Е.- Орталық Азия инновациялық университеттің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты.
2. Б.Р. Найманбаевтың үш тілде дайындалған «Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдармен өз-ара қарым қатынас тарихы», «История взаимодействия Республики Казахстан с международными организациями», «History of interaction between the Republic of Kazakhstan and international organizations» атты оқу құралдары. Пікір жазғандар: ҚР Жоғары білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетіне қарасты Мемлекет тарихы институтының бас ғылыми қызметкері, т.ғ.д., профессор Карасев Ғ.М. және Әуезов атындағы ОҚУ т.ғ.д., профессор Алибек С.Н.; «Әлем тарихы және дінтану» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., Орынбасарова Г.Ж.
3. Н.М. Байсеитованың дайындаған «Альгология» оқу құралы. 172 бет. Пікір жазғандар: М.Әуезов атындағы ОҚУ «Биология және география» кафедрасының меңгерушісі, б.ғ.к., доцент Исаев Е.Б.; ОҚМПУ «Биология» кафедрасының доцент м.а., б.ғ.к. Мамыкова Р.У. және а.ш.ғ.к. Сартбаева Г.М.
4. Н.М. Байсеитова дайындаған «Альгология» пәнінен практикалық сабақтарға арналған оқу-әдістемелік құралы. 192 бет. Пікір жазғандар: М.Әуезов атындағы ОҚУ «Биология және география» кафедрасының меңгерушісі, б.ғ.к., доцент Исаев Е.Б.; ОҚМПУ «Биология» кафедрасының доцент м.а., б.ғ.к. Мамыкова Р.У. және «Биология» кафедрасының доценті, б.ғ.к. Успабаева А.А.
5. Байжұманов Абсаттардың дайындаған «Ғажайып сандар әлемі» атты оқу-әдістемелік құралын баспадан шығару үшін ұсынып отыр. Көлемі 164 бетті (11 б.т.) құрайды. Жұмысқа пікір жазғандар: ОҚМПУ-дың «Математика» кафедрасының доценті, п.ғ.д. Ибрагимов Р., М.Әуезов атындағы ОҚУ профессоры, ф.-м.ғ.д. Нысанов Е. және ф.-м.ғ.к., доцент Д. Куракбаев
6. Ибрагимов Раскулдың дайындаған «Элементар математикадан есептер шығару әдістемесі» атты оқу құралын баспадан шығару үшін ұсынып отыр. Көлемі 11 б.т. құрайды. Жұмысқа пікір жазғандар: ОҚМПУ-дың «Математика» кафедрасының доценті, п.ғ.д. Кадирбаева Р.И., ОҚМПУ-дың "Математика" кафедрасының доценті, ф.-м.ғ.к. Ниязымбетов А.Д.
7. Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының аға оқытушысы п.ғ.к., Т.Ш. Махановтың «Ауылшаруашылық еңбегі» пәні бойынша «Ауылшаруашылық еңбегі» атты электронды оқу құралын (100 бет). Электронды оқу құралына пікір берушілер: 1) М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың Бейнелеу өнері мен технологияны оқыту әдістемесі кафедрасының PhD докторы Қ.Т. Мұсақұлов; 2) М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың Бейнелеу өнері мен технологияны оқыту әдістемесі кафедрасының п.ғ.к., доцент Г. Бакирова; 3) Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының педагогика ғылымдарының кандидаты, профессоры. Д.К. Пошаев».
8. Әбішева Л.П. «Жалпы және әлеуметтік педагогика тарихы». Оқу-әдістемелік құрал. 94 бет. Пікір жазғандар: Сихымбаева С. - биология ғылымдарының кандидаты (ОҚУ); Қуатова Ж.Ж. - педагогика ғылымдарының кандидаты (ОҚМПУ); Ортаева А.С.. - PhD, аға оқытушы (ОҚМПУ)

#### **ШЕШІМ:**

1. С Молдабек Қ., Төлтебаев Н.Ә., Бектаев Ә.Қ., Кенжебекова Р.И., Әбдуразах М.Н., Таутаева Г.Б. латын әліпбиімен дайындаған «Алфавиттік сөздік» Ғылыми Кеңеске ұсынылсын.
2. Б.Р. Найманбаевтың үш тілде дайындалған «Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдармен өз-ара қарым қатынас тарихы», «История взаимодействия Республики Казахстан с

международными организациями», «History of interaction between the Republic of Kazakhstan and international organizations» атты оқу құралдары Ғылыми Кеңеске ұсынылсын.

3. Университет оқытушы-профессорларының баспадан шығаруға ұсынылған оқу құралдары және оқу-әдістемелік құралдары баспаға ұсынылсын.

**Төраға**

**А.А. Кудышева**

**Хатшы**

**Айтбаева А.Е.**